

## **Драма.KZ-2023 қазіргі драматургия фестивалі туралы ереже**

### **Фестивальге қатысу ережелері:**

- Фестивальге жіберілген пьесалар [festival@drama.kz](mailto:festival@drama.kz) электронды мекенжайына қабылданады.
- Пьесаларды қабылдау мерзімі – **2023 жылдың 12 маусымнан бастап, 1 қыркүйегіне дейін.**

Фестивальге Қазақстанда тұратын, 16 жастан жоғары, қазақ және орыс тілдерінде жазатын авторлар қатыса алады. Орыс тіліндегі пьесаларды Драма.KZ ұйымдастырушылары, ал қазақ тіліндегі түндилярды фестиваль серіктесі – Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасы – іріктейтін болады.

Әр автор **2018** жылдан кейін жазылған **ұш пьесасынан көп емес** жібере алады.

Драма.KZ фестиваліне бұрын жіберілген пьесалар қайта қарастыруға қабылданбайды.

**Байқау нәтижесі 2023 жылғы қыркүйек айының сонында жаряланады.**

Іріктеуден өткен пьесалар **2023 жылғы қазан айының** режиссёрлік оқулар форматында Алматы қаласындағы F. Мұсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрының, «ARTиSHOK» және Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында көрсетіледі. Әр оқудан кейін актёрлер, көрермендер және театр мамандарының қатысуымен пьеса талқыланады.

Әр пьесаның көлемі 40 беттен аспауы керек (Times New Roman 12 қарпі, интервалы 1). Файлдар тек қана doc, docx, pdf форматтарында қабылданады. Пьеса файлының атауында кириллица таңбалары және бос орындар болмауы керек. Файлдың атауында тек қана **латын таңбалары және – мен \_ белгілері** болуы керек. Файлдың атауында бірінші орында автордың тегі, содан кейін пьесаның аты болуы керек: мәселен, lonesko\_Nosorog.doc

Хатта мынадай ақпарат болуы қажет: автордың аты, тегі, туған күні мен жылды, тұру орны (қаласы), пьесаның жазылған жылды.

Драма.KZ фестиваліне пьесасын жібере отырып, автор үзінділерінің фестивальдің әлеуметтік желілер парапшаларында, ал жеңімпаздардың пьесаларының толық нұсқаларының drama.kz сайтында жариялануына келісімін береді.

### **Фестиваль мақсаттары:**

- Қазақстанда тұратын, қазақ және орыс тілдерінде жазатын дарынды драматургтерді қолдау және насиҳаттау.
- Драматургтерді театр мамандарымен байланыстыру.
- Театрларға жаңа, сапалы, өзекті мәселелерді көтеретін, қазіргі көрерменге қызықты пьесаларды ұсыну.

Алты жыл ішінде Драма.KZ фестивалі қазіргі қазақстандық драматургияда жиырмадан астам жаңа есім ашты. Фестивальге қатысушылар «Любимовка», «Евразия», «Ремарка», «Баденвайлер» сынында мәртебелі драматургия байқауларының лонг және шорт-лист тізіміне енген; театр лабораторияларының жұмысына қатысуға шақырылып отыр. Фестивальге қатысушылар жазған пьесалардың қойылымдары пайдада болып, қазақстандық театрлар өзекті драмаға көңіл бөлуде.

Драма.KZ жобасының серіктестері бірқатар шығармашылық және әлеуметтік одақтар болып табылады, соның ішінде РФ және ҚР Театр қайраткерлері одағы, театрлар, білім беру мекемелер, БАҚ, қорлар.

Фестиваль аясында театр мамандарының қатысуымен шеберлік сынныптар өткізіледі.